

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ТЯНЬГАНЬ-ДИЧЖИ ЖӘНЕ ОН ЕКІ МҮШЕЛ ЕСЕБІ

Болат Перизат

ayperizatt@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Т.З. Қайыркен

Тяньгань-дичжи-жылдарды, айларды және сағаттарды санаудың ежелгі қытай әдісі. Он екі мүшел табиғаттағы он бір жануардан және аты аңызға айналған айдаһардан тұрады (бұл мақалада Қытайда жиі қолданылатын он екі мүшел туралы айтылады). Біздің заманымыздың 1-ғасырында қытайлықтар жылды белгілеу үшін он екі мүшел мен Тяньгань-дичжиді пайдаланғандығы туралы әңгіме бар. Бұл мақала негізінен мүшел белгілерінің пайда болуы мен қолданылуын және жылды жазу үшін оның Тяньгань-дичжи мен қалай біріктірілетінін түсіндіреді.

Он екі мүшелдың шығу тегі және қолданылуы. Ежелгі халықтық мәдени құбылыс ретінде он екі мүшелдың шығу тегі туралы ғалымдардың пікірлері әртүрлі. Кейбір адамдар мүшел мен Тяньгань-дичжидың шығу тегі бір деп есептейді, бұл тарихқа дейінгі аңызға айналған Хуанди дәуірінен басталады. «Ши Жида» былай деп жазылған: «Да Нао Цзя-цзиды (甲子) жасады». [1] Ғалымдар бұл жерде Цзя-цзи (甲子) он екі мүшелмен қатысты деп есептейді. Қытай ғалымы Чжэн Вэнгуан он екі мүшел белгісі қытай ата-бабаларының жұлдыздарды бақылауынан пайда болған деп есептейді. [2, 1286] Олар әуелі рәміздер, кейін жануарлар бейнесі ретінде сипатталған. Цин (清) әулетінің ғалымы Чжао И өзінің «Гай Юй Цуу Као» кітабында мүшел солтүстік Қытайдағы көшпелі халықтан шыққан деп сенген. [3, 5996] Қытай ғалымы Гуо Моруо он екі мүшел Қытайға ежелгі Вавилон зодиақынан еніп, ақырында он екі мүшелге, тіпті он екі Дичжиға айналған деп есептейді. [4, 3326] Сонымен қатар, Үндістанның енгізу теориясы және Инь-ян (阴阳) теориясы да бар.

Менің ойымша, он екі Дичжи және он екі мүшелдың сәйкестігі қытай халықтарынан шыққан, бұл бастапқыда дінни мистикалық мәнге ие болмады, бірақ белгілі бір практикалық қиындықтарды шешудің жолы болды.

Ежелгі Қытайда ел құрылған кезден бастап самодержавистік саясатты бейнелейтін зайырлы дәуір әдісі қабылданған, яғни дәуір ретінде билеушінің билігі қолданылған. Хан әулетінің императоры Вудан (武) бастап дәуір атаулары атала бастады. Кейінірек уақыт тәртібін нақтылау үшін жыл атынан кейін

Тяньгань-дичжи қосылды. Алайда, негізінен саяси тұрғыдан қарастырылатын бұл дәуірлік әдісті қолдану өте ыңғайсыз. Мин (明) әулетіне дейін императорлардың патшалық атауларын өзгерту әдеттегідей болды. Мин (明) әулетінен кейін де таққа жаңа император келгенде билік титулын өзгертуге тура келді. Ал феодалдық сепаратистік кезеңге келсек, әр жердегі билеушілер өздерінің патшалық атауларын бекітіп, жағдайды одан сайын күрделендіріп жіберді. Жоғарыда аталған шатасушылықты Тяньгань-дичжини қолдану арқылы белгілі дәрежеде болдырмауға болатын болса да, мұндай қызықсыз, мағынасыз сөздер адамдар үшін өте ыңғайсыз, әсіресе сол кезде сауаттылығы өте төмен адамдардың басым көпшілігі оны есте сақтауға мәжбүр болды. Бұл жағдайда адамдар хронологияны елестету үшін он екі Дичжиға сәйкестіріп таныс жануарларды қолдана бастады, сонымен он екі мүшел дүниеге келді. Осылайша, кем дегенде он екі жылдық цикл ішінде, адамдарға жыл ретін білу оңай болды.

Он екі мүшелдың тағы бір қолдануы - адамдардың жасын саралауды жеңілдету. Туылған жылын еске түсіру үшін жануарларды пайдалану Тяньгань-дичжиды есте сақтаудан әлдеқайда ыңғайлы. «Бэй Ши» 57-томында Солтүстік Чжоу әулетіндегі Ю Вэньхуоның анасы оған жазған

хатында былай деп жазғаны туралы:“昔在武川镇生汝兄弟，大者属鼠，次者属蛇，汝身属兔。”
 «Ертеде мен Учуань қаласында екеуінді дүниеге әкелдім. Үлкені Тышқан жылы, екіншісі жылан жылы, ал мен қоян жылымын.[5] «Ол кезде сексен жаста болған Ю Вэньхуоның анасы ұлдарының туған жылын есіне түсіре алмаған, бірақ олардың туған жылын есінде қалған. Он екі мүшелді адамның аты ретінде де қолданады, әсіресе жақындық сезімі бар лақап аттар. Сондықтан адамдар балаларын туған кездегі мүшелліне қарай жиі атайды.

Дичжи және он екі мүшел арқылы жылды есептеу. Дәстүрлі қытай күнтізбесі-Нун(农) күнтізбесі, Цзия(甲), И(乙), Бин(丙), Дин(丁) сияқты он Тяньгань және Цзы(子), Чоу(丑), Инь(寅), Мао(卯) және т.б. сияқты он екі Дичжи тұратын «Тяньгань-дичжи хронологиясын» қабылдайды.[6] Алайда, халық арасында «Цзы, Чоу, Инь, Мао, Чэнь, Сы, У, Вэй, Шэнь, Ю, Сюй, Хай» он екі Дичжидың таңбаларының әрқайсысына жануардың аты берілген: тышқан, сиыр, барыс, қоян, айдаһар, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, шошқаны жылдын басқа атауы ретінде жасты есептеу және жылды санау үшін қолданылады. Халық оны мүшел жылы немесе мүшел белгісі деп атайды. (1-ші кестені қараңыз) [7] Мысалы, Юань(元) әулетінде «Тайдин тышқан жылы» (Тайдин — Юань(元) әулетінің императоры Тайдиннің патшалық атауы, ал тышқан жылы — Цзяцзи(甲子), ол 1324 ж.).[8]

Дичжи 地支	Ай 对应月份	Сағат 代表时间	Қытай мүшел 对应生肖
Цзы 子 (zǐ)	Қараша 十一月	23 : 00 ~ 01 : 00	Тышқан 鼠
Чоу 丑 (chǒu)	Желтоқсан 十二月	01 : 00 ~ 03 : 00	Сиыр 牛
Инь 寅 (yīn)	Қаңтар 正月	03 : 00 ~ 05 : 00	Барыс 虎
Мао 卯 (mǎo)	Ақпан 二月	05 : 00 ~ 07 : 00	Қоян 兔
Чэнь 辰 (chén)	Наурыз 三月	07 : 00 ~ 09 : 00	Айдаһар 龙
Сы 巳 (sì)	Көкек 四月	09 : 00 ~ 11 : 00	Жылан 蛇
У 午 (wǔ)	Мамыр 五月	11 : 00 ~ 13 : 00	<u>Жылқы</u> 马

Вэй 未 (wèi)	Маусым 六月	13 : 00 ~ 15: 00	Қой 羊
Шэнь 申 (shēn)	Шілде 七月	15 : 00 ~ 17: 00	<u>Мешін</u> 猴
Ю 酉 (yǒu)	Тамыз 八月	17 : 00 ~ 19: 00	Тауық 鸡
Сюй 戌 (xū)	Қыркүйек 九月	19 : 00 ~ 21: 00	Ит 狗
Хай 亥 (hài)	Қазан 十月	21 : 00 ~ 23: 00	Шошқа 猪

Археологияның соңғы жылдардағы қорытынды материалдарына қарағанда, Тяньгань-дичжиды он екі мүшел белгісімен сәйкестендіру теориясы ең болмағанда Цинь(秦) династиясында пайда болды. Көне заманнан бері жеткен құжаттарда, Тяньгань-дичжидың он екі мүшелмен тіркесімі туралы бірінші айтқан адам ерте Шығыс Хань(汉) династиясының материалистік ойшылы Ван Чонг (б.з. 27-97 ж.) болды. Ол «Лунь Хэн Лунь Хэн· Ву Шида» он екі мүшелды атап өтті: “寅, 木也, 其禽, 虎也。戌, 土也, 其禽, 犬也。……午, 马也。子, 鼠也, 酉, 鸡也。卯, 兔也。……亥, 豕也。未, 羊也。丑, 牛也。……己, 蛇也。申, 猴也。” [9,1386] Жоғарыдағы мәтінде он бір мүшел жануары айтылған, бірақ жетіспейтін жалғыз жануар - айдаһар. Ван Чонг «Лунь Хэн· Ян Ду Пиан» кітабында: “辰为龙, 巳为蛇。辰、巳之位 在 东 南。” [10,446] «Чэнь - айдаһар, ал Сы - жылан. Чэнь мен Сыдің позициялары оңтүстік-шығыста» деп түсіндірді. Осылайша он екі мүшел толық болды, бұл ежелгі әдебиеттегі мүшел туралы ең ерте және толық жазба. Бұған дейін «Ши Цзин · Сяо Я · Цзи Жида» болған, бірақ Ван Чондікі сияқты толық он екі мүшел айтылмаған: “吉日庚午, 即差我马” Гэн-У күні атпен аңға шығуға жақсы күн екенін білдіреді, У мен жылқыны сәйкестірген мысалы. [11,1016]

Он екі мүшел жануарларын таңдау және орналастыру туралы көптеген пікірлер бар, бірақ ең сенімдісі жануарлардың күнделікті белсенділігіне негізделген. Таңдауға келсек, он екі мүшел жануарларын шамамен үш санатқа бөлуге болады: бірі - қолға үйретілген «алты жануар», атап айтқанда, сиыр, қой, жылқы, шошқа, ит және тауық, оларды экономикалық немесе басқа мақсаттар үшін адамдар қолға үйретеді, жануарлардың он екі түрінен жартысын құрайды. «Алты түлік» [12], Қытайдың егіншілік мәдениетіндегі маңызды ұғым болып табылады және ұзақ тарихы бар. Дәстүрлі қытай ұғымында «алты түлік» отбасындағы береке мен ырысты білдіреді. Көктем мейрамында әдетте «алты түлік мал берекелі» деп атап өтеді, сондықтан бұл алты жануардың мүшелге айналуы сөзсіз. Екінші категория – адамдардың күнделікті және қоғамдық өмірімен тығыз байланысты белгілі жабайы жануарлар. Олар жолбарыс, қоян, мешін, тышқан, жылан. Үшінші категория – қытай халқының дәстүрлі нысанны – айдаһар. Айдаһар – көптеген жануарларға тән қасиеттерді біріктіретін «жасанды зат». Ол адамдардың қиялындағы «рухани нысан». Айдаһар байлық пен берекені бейнелейді және ең символдық берекелі жануар болып табылады. Сондықтан айдаһар мүшел үшін таптырмас нәрсе.

Жылды бейнелеу үшін он екі түрлі жануарды пайдалану мәдени дәстүрі Қытаймен шектелмейді. Дүние жүзіндегі көптеген этностар үшін, әсіресе Қазақ, Қырғыз, Өзбек және басқа этностар сияқты алтай тіл семьясының түркі тілдес этностары үшін он екі мүшел де көне заманнан осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүр болып табылады. Қытайлықтар жылдар, айлар және күндер циклін көрсету үшін Тяньгань-дичжи хронологиялық жүйесін пайдаланып, он екі мүшелды 60 жылға сәйкестірді, ал Қазақтың шығыс күнтізбесі он екі жыл сайын ауысып отырады. Тағы бір айырмашылығы, Қытайдағы он екі жануарға сәйкес келетін он екі мүшел - тышқан, сиыр, барыс, қоян, айдаһар, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, шошқа. Ал Қазақтың он екі мүшел жануары: тышқан сиыр, барыс, қоян, ұлуды, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз. Қазақтар айдаһардың орнына ұлуды пайдаланады, ал қытай мүшеліндегі шошқа үй жануары болса, қазақ мүшеліндегі шошқа жабайы шошқа.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. [西汉] 司马迁: 《史记·五帝本纪》第一卷
<http://www.guoxue.com/book/shiji/0001.htm> [Есепке алынған күні: 20.03.2023].
2. 郑文光: 《中国天文学源流》，科学出版社 1979 年版, p128
3. [清]赵翼著, 栾保群、吕宗力校点《陔余丛考》卷 34《十二属相起于后汉》，河北人民出版社 1990 年版, p599
4. 郭沫若: 《甲骨文字研究·释支干》，《郭沫若全集》考古编第一卷, 科学出版社 1982 年版, p332
5. [唐]李延寿: 《北史·卷五十七》 <http://www.guoxue123.com/shibu/0101/00bs/056.htm> [Есепке алынған күні: 20.03.2024].
6. 天干地支对照表 <http://114.xixik.com/chinese-era/#anchor4>
7. 十二生肖属相对照表
<https://wenku.baidu.com/view/7b1c36146beae009581b6bd97f1922791688be35.html?fr=income1-doc-search&wkts=1711962104927&wkQuery=%E5%8D%81%E4%BA%8C%E7%94%9F%E8%82%96> [Есепке алынған күні: 25.03.2024].
8. 马垒: 《房山灵岩禅寺元至大元年圣旨白话碑释证》刊于《文物春秋》2021 年第 4 期
9. [东汉] 王充著《论衡·物势篇》《四部丛刊初编》中第 433~440 册, 景上海涵芬楼藏明通津草堂刊本, 收录于《诸子百家中国哲学书电子化计划》, p138
10. [东汉] 王充著《论衡·言毒篇》《四部丛刊初编》中第 433~440 册, 景上海涵芬楼藏明通津草堂刊本, 收录于《诸子百家中国哲学书电子化计划》, p44
11. 《诗经·小雅·南有嘉鱼之什·吉日》, p101 <http://www.us-confucius.com/images/shijing.pdf>
12. 季云《重要的“六畜”》北京晚报 2023-06-26 [Есепке алынған күні: 28.03.2024].

УДК 314.012.

ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ЮЖНОЙ КОРЕИ

Даулетбаева Мадина

Madina.d1998@mail.ru

магистрант факультета международных отношений

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - К.М. Ильясова

В то время как общество переживает эпоху быстрых перемен и неопределенности, Республика Корея, также известная как Южная Корея, сталкивается с демографическим кризисом.